

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Толепова Гулзат Канибековнаның 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Балық және балық өнімдерінің адамға қауіпсіздігі мен сапасын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының описторхоздан қолайсыз аймақтарында (Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары) табиғи су қоймаларына паразитологиялық мониторинг жүргізу» тақырыбында орындалаған диссертациялық жұмысына

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Описторхоз - бауырдың, ұйқы безінің және өт қабының өт жолдарын мекендейтін *Opisthorchis felineus* трематодасынан туындаған инвазиялық ауру. Бұл трематодтар иттер, мысықтар, түлкілер, күзендер, бұлғындар, су егеуқұйрығы және басқа да етқоректілер, сонымен қатар шошқалар мен адамдарда кездеседі. Адам мен жануарларға описторхозды жұқтырудың негізгі көзі тұқы тұқымдас балықтар. Бұл трематодтар ағзада ұзақ мерзімде тіршілік етуіне байланысты иесіне ерекше қауіп төндіреді. Мысалы, описторхистер адам ағзасында 6-дан 40 жылға дейін тіршілік ете алатындығы жөнінде мәліметтер бар. Сондықтан, олар туындататын гельминтозды емдеу қалыпты жағдайда қалыптаспаған.

Соңғы он жылдықта Қазақстан Республикасында описторхоз бойынша ауқымды мониторинг жүргізілмеген. Сондықтан, бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтайды. Яғни, жұмыстың мақсатына сәйкес описторхоздан қолайсыз аймақтарға мониторинг жүргізіліп, *O.felineus* метацеркарийлерінің балық етінің сапасына әсері зерттеліп, ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштері анықталды.

Докторанттың сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу. Докторант К.Г.Толепова өзінің диссертациялық жұмысында теориялық, әдістемелік, практикалық, паразитологиялық зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зертханалық зерттеу барысының нәтижелерімен расталды.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі

Зерттеудің нәтижесі бойынша описторхоз, меторхоз, псевдоамфистомоздың табиғи ошақтары Ақмола облысындағы Қорғалжың көлдері болып табылды. Описторхоз және меторхоздың табиғи ошақтарына Павлодар облысы Ертіс өзені, Қостанай облысы Ұлы Жыланшық өзені, Қарағанды облысы Ертіс – Қарағанды каналы жатқызылды. Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстандағы су қоймаларында біздің зерттеу кезеңдерінде балықтарда описторхистер кездеспеді.

Opisthorchis spp. метацеркарийлерімен зақымдалған 52 дана аққайран балықтарының 27 данасы *O. felineus*, 5 – данасы аралас микст (*O. felineus* және *M.bilis*) инвазиямен ПТР әдісі арқылы идентификацияланды.

Соңғы 10 жылда (2014-2023жж.) эпидемиологиялық талдау нәтижесінде описторхозбен ауырған адамдардың жоғарғы саны Батыс Қазақстан (1111 адам), Павлодар (2800), Қостанай (365 адам), Ақмола (403 адам), Солтүстік Қазақстан (293 адам) облыстары, Астана қ. (1255) болды.

Докторант описторхозбен зақымдалған аққайран балығының етін инвазияланбаған балықпен салыстыра отырып тағамдық құндылығын, микробиологиялық көрсеткіштерін анықтап, описторхис метацеркарийлерінің бірқатар физикалық және химиялық факторларға төзімділігін зерттеп жаңа мәліметтер көрсетті.

Диссертациялық жұмыста описторхоздың таралу ошақтары тіркелген көршілес Ресей мемлекетінің ғалымдарының ғылыми жұмыстарының нәтижелеріне аналитикалық шолу берілді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы

Диссертация материалдары бойынша бірлескен авторлармен 9 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 3 мақала - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда; 1 мақала Scopus базасына кіретін журналда; 2 жарияланым - халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциялар жинақтарында; 1 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік және 1 методикалық нұсқаулық, 1 ұсыныс.

Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі

Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындап, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторы дәрежесін алу үшін және диссертациялар жөніндегі Комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді. Жалпы жасалған ғылыми жұмыс жаңалығы жағынан уақытқа сай, ғылымға қосқан үлкен зерттеу жұмысы болып табылады.

Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы ғылыми әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияда алынған ғылыми зерттеу нәтижелері өзінің жаңалығымен ерекшеленеді, сонымен қатар ғылыми салаға және өндіріс мамандар үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар деп есептеймін. Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор көптеген шетелдік отандық ғалымдардың еңбектерін тиімді пайдалана білген. Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша қызығушылық, ғылыми жұмыста еңбексүйгіштік, табандылық және дербестік танытты.

Қортынды.

Толепова Гүлзат Қанибекқызының ұсынған «Балық және балық өнімдерінің адамға қауіпсіздігі мен сапасын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының описторхоздан қолайсыз аймақтарында (Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары) табиғи су қоймаларына паразитологиялық мониторинг жүргізу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Толепова Гүлзат Қанибекқызы 8D09102-

«Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор



Абдыбекова А.М.

Профессор А.М.Абдыбекованың қолын растаймын

«ҚазҒЗВИ» ЖШС Бас ғылыми хатшысы,
вет.ғ.д.



Сембина Ф.Е.

02.09.2024